

## Қазақ тілі мен Қазақстан тарихы сабақтарында мәтін арқылы оқушылардың академиялық сөздік қорын дамыту

*Максумова Ж.А.,*  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің сарапшы мұғалімі,  
*Мағзумова А.С.,*  
Қазақстан тарихы пәнінің сарапшы мұғалімі  
NIS Орал

### **Аннотация**

Тілді үйрету барысында түрлі әдіс-тәсілдердің қолданылуы оқушылардың қызығушылығын оятып, сөздерді тез игеру мүмкіндігін туғызады. Оған қоса оқитын мәтіні қызықты, өмірмен байланысты болса, тіл үйренуге деген құлшынысы тіпті артады. Бұл ретте екінші тілді игеруші 11-сыныптың оқу бағдарламасындағы тақырыптардың күрделілігі жаңа сөздерді тек мәтін арқылы үйретудің тиімділігін көрсетеді. Әсіресе, оқу жылының басында Қазақ тілі және Қазіргі әлемдегі Қазақстан пәндерінен өткізілген бақылау тесті оқушылардың академиялық тілінің жұтандығын, олардың жазғы демалыс уақытында сөздердің қолданылмауы себепті ұмыт қалдырғандарын байқатты. Оқу бағдарламасында әр тақырып бойынша ұсынылған көркем шығармалар тақырыпты толық аша алмайды. Сол себепті мұғалімге қосымша мақалалар мен өзге де танымдық мәнмәтіндер алуға тура келеді. Таңдалынған мақала мен мәтіндерде тақырып бойынша жиі қайталанатын академиялық сөздердің болуы шарт. Болмаған жағдайда мұғалім мәтінге өзгеріс енгізуге және аудиторияға қарай бейімдеуге тура келеді. Бұл тұста зерттеу жұмысы 3 бағытта жүргізілетіні анық байқалады:

1. Мәтіндердің іріктелуі, аудиторияға сай бейімделуі;
2. Академиялық тілдің мәтінде қамтылуы;
3. Әдіс-тәсілдердің тілді игертуде жұмыс жасауы.

### **Теория-аналитикалық бөлім**

«Академиялық тіл» ұғымына тоқталсақ, нақты анықтамасы қазақ тіліндегі сөздіктерде көрсетілмеген. НЗМ-нің CLIL бойынша нұсқаулығында академиялық тілге келесі анықтаманы ұсынады: «Академиялық тіл көптеген пән салаларына ортақ болып табылатын нақты функцияларды орындауға қажетті тіл». Қазақ тілінің соңғы жинақталған түсіндірме сөздігінде 13 500 сөз жинақталғанын ескерсек, тіліміздің соншалықты бай екенін байқаймыз. Сонымен қатар тақырып бойынша алынған әдеби сөздер мен қолданыстарды академиялық тілге жатқыза аламыз. Қазақ тілі мен Қазақстан тарихы пәнінен екінші тілде оқитын 11-сынып оқушыларының академиялық тілін дамыту мақсатында іс-әрекеттегі зерттеу жұмысы оқу жылының басынан жүргізілді. Екі пәндегі тақырыптар бір-бірімен сәйкес келмегенімен, тілді меңгерту мақсатында таңдалынған ортақ әдіс-тәсілдер гуманитарлық пәндер болғандықтан үйлесім тапты. Осы тұста пән және тіл маманы біріге отырып оқу жоспарына сәйкес сабақ жоспарын бірге құруды жөн көрдік. Іс-әрекеттегі зерттеуді жүргізу барысында төмендегі әдістер мен стратегиялар қолданылды:

- а) Синонимдермен жұмыс
- ә) Глоссарий жасау
- б) «Кім? Не? Қашан? Қалай? Қайда?» стратегиясы
- в) Сөздер мен сөз тіркестерін өрбіту, кеңейтіп қолдану
- г) Органиайзерлермен жұмыс

Жоғарыда аталған әдістер НЗМ-нің CLIL бойынша нұсқаулығында көрсетілген келесі тапсырмаларды орындату барысында жүзеге асады: глоссарийлерді құру және пайдалану, белгісіз сөздерді табу үшін, ең алдымен, мәтіндермен танысу, басқа сөзбен айту, жаңа

білімді алдыңғы біліммен байланыстырып қана қоймай, олардың арасында байланыс құру. Бұл әдіс-тәсілдер мен стратегиялар несімен тиімді болды?

**а) Синонимдермен жұмыс**

Қолданылған әдіс-тәсілдер мен стратегиялар не үшін таңдалып алынды, екінші тілді меңгеруші оқушылардың сөздік қорын молайтуда тиімді болды ма деген сұраққа жауап беруге тырыстық. Екі пән де оқушыларға берілетін мәтіннің көлемі 250-300 сөзден тұрады. Көлемді мәтін оқушыны жалықтыруы да мүмкін. Мәтінде кездесетін сөздердің 50 пайыздан астамы оқушы үшін беймәлім болса, оның оқуға деген ынтасы тіптен азаяды. Сондықтан мәтінде кездесетін сөздердің баламасын ұсынып, оны оқушының іздеп табуына мүмкіндік берсе, оқушы мәтінді бір демде оқып шығады. Осылайша таба алмаған сөздерін нақтылау үшін бірнеше мәрте мәтінді оқып, көздері сөйлем құрылыстарына үйренеді және тақырыпқа қатысты сөздер өздігінен жатталына береді. Әдетте, екінші тілдегі оқушыларға мәтінді ұсынғанда, 5-6 сөз көлемінде ғана синоним табу ұсынылады. Бұл – тым аз. Бұндай әдіспен тілді игерту қиын. Көлемді мәтін болғандықтан, 20 сөзге дейін жиі қайталанатын не тақырыпқа қатысты сөздердің баламасын табу тапсырмасын ұсынған жөн. Берілген 20 сөздің 3 пайызы оқушыларға таныс сөздерден болса, оқушының өзіне деген сенімі артады.

Іс-әрекеттегі зерттеуді жүргізген ІІС және ІІД-сыныбында «Экологиялық мәдениет» бөлімі бойынша «Арал тағдыры» тақырыбында сабақ өткізілді. Оқушыларға 250 сөзден тұратын «Аралдың тағдыры» атты мәтін оқуға берілді. Жаңа сөздерді беруде «синонимін табу» әдісі қолданылды. Тақырыпта кездесетін сөздер мен сөз тіркестерінің 10 баламасы ұсынылып, оқушылар іздеу барысында мәтінді бірнеше қайта оқуға мәжбүр болды. Оқушыларға келесі сөздер мен сөз тіркестері берілді:

1. Батып қалу – қайырлап қалу
2. Құрамында тұзы көп – тұзды құм
3. Зиянды тұз – шаң мен улы тұзды
4. Жиі орналасу – тығыз қоныстану
5. Тұзға қаныққан топырақ – сортаң
6. Жоғалу – құрдымға кету
7. Мән бермеу – немқұрайлы қарау
8. Шұрайлы жер – миялы жер, түгін тартсаң майы шығатын
9. Орасан зор кемелер – алып кемелер
10. Азайды – қарасы кеміді

Берілген сөз тіркестері екінші тіл үшін қиын болып көрінгенімен, оқылым дағдысы қалыптасқан оқушылар мағынасына қарай отырып, сөздердің баламасын таба алды. Әр сабақ сайын мақала бойынша 10-20 сөз көлемінде балама сөздерді ұсыну оқушының жадында академиялық сөздердің жатталуына оң ықпал ететінін байқадық. Оқушылар осы сөздерді сабақ кезінде берілген Аралдың бұрынғы қалпы мен бүгінгі жағдайын бейнелейтін суреттерді сипаттауға оңай пайдаланды. Әсіресе, Аралдың бүгінгі жағдайын сипаттау оқушылар үшін жеңіл болды.

Аталмыш тараудағы «Қасқырды атқан қайсысы?» тақырыбындағы сабақта мәтіннен табуға келесі 14 синоним ұсынылды: әдемі - тотыдай құлпырған; жығылды – құлады; қызығушылық – құмары; байқампаздық, аңғарымпаз – қырағылық; түрлі-түсті - қызылды-жасылды; ешкім бармаған – аяқ баспаған; алаңдап – елең етіп; сұлу – құлпырған; мұқият – сақ; сөйлемей – үндемедім; қосауыз – мылтық; шошу – селк ете түсу; дорба – қоржын; алыстап барамыз – қашықтап барамыз.

Ал «Туризм» тақырыбында өткізілген сабақта да дәл осы әдіспен 23 синоним ұсынылды: тұралап тұрған, насихаттау, табандылық жетіспеу, қара алтын, көгілдір отын, инвестор тарту, саяхатшылар тарту, атажұрт, құнттамау, күнелту, бас-көз болу, қапа болмау, кепіл болу, қаннен-қаперсіз, табан тіреу, сейіл құру, ат арылту, қандас, атақоныс, жерұйық, сын көтермеу, шипалы, жалға беру. Әр сабақ сайын мәтін бойынша берілетін синонимдердің қатары көбейтіліп берілді. Бұл әдістің тиімділігі сол, оқушылар көп сөздің

баламасын іздеп, сөздермен жұмыс жасаған сайын, сөйлем құрылыстары, сөздердің кеңінен қолдану дағдылары дами түсті. Жазылым жұмыстарының тілі де бұрынғыдан гөрі шұрайлана түсті.

Қазақ тілі пәнінде жиі қолданатын синонимдермен жұмыс жасаудың тәсілдерін Қазақстан тарихы пәнінде пайдалану арқылы оқушылардың академиялық сөздік қорын толықтыра отырып, мәтіндік талдау тапсырмасын тиімді орындау жүзеге асты. Мысалы: «Әлеуметтік жобалар» тақырыбы бойынша «Баспана – әлеуметтік жағдайдың индикаторы» мәтінін талдауда 10 синонимдік сөз ұсынылды. Оқушы мәтінді бір немесе бірнеше рет оқи отырып, берілген сөздердің баламасын іздеді. Ұсынылған сөздер қарапайым ауызекі тілде жазылуы мүмкін, ал академиялық тілдегі баламалы сөздерді таба отырып, тілдік қорының жақсарғандығы анықталды: баспана – пәтер; орташа тап – қарапайым отбасы; санат – топ; баспанаға мұқтаж – баспана қажет; тығырықтан – дағдарыстан; индикатор – көрсеткіш; бағасы аспандап тұр – бағасы қымбат; азаматтар – елдің тұрғындары; қор – жинақ.

Оқушылар бастапқыда баламалы сөздерді анықтау барысында уақытты көп жұмсады. Кілт сөздерді және оның синонимдерін анықтауда біршама қиналды. Сол арқылы мәтінді жан-жақты талдады. Нәтижесінде әрбір жаңа сабақта ұсынылған мәтіндегі баламалы сөздерді бере отырып, оқушылар уақыт үнемдеуді үйренді. Өзара талдау жасауға дағдыланды. Кілт сөздердің синонимдерін глоссарийге тіркеп отырды. Үлгі ретінде мына мәтін ұсынылады: А оқушы: Сонымен, баспана, яғни жеке пәтер немесе өз үй-жайы, яғни өзгелерден оқшаулайтын төл шаршы метрлері, Жиренше шешен айтпақшы «өз үйі өлең төсегі» болуы бүгінгі қазақ үшін әлеуметтік жағдайдың, қоғамдағы рөлінің, материалдық-қаржылық ахуалының белгісі, айнасы. Бұл тұрғыдан алғанда, жеке пәтері бар адам – орташа таптың өкілі, ал жеке коттеджі бар – бақуаттының қатарында, шетелде, теңіз жағасында не тау аңғарында кең сарайдай үйі бар адам – байшікештің нақ өзі.

Ә оқушы: Ал кең-байтақ Қазақстанның бірде-бір қаласында жекеменшік үйі жоқ адам өзін кедейге жатқызбаса да, байлар санатынан санай алмасы анық. Бұл тұрғыда әлеуметтанушылар «Баспана – әлеуметтік жағдайдың индикаторы» атты тақырыпта ғылыми зерттеу жұмысын жасаса да артық емес.

### **ә) Глоссарий жасау**

Глоссарий (лат. glossarium — «глосс жинау») — белгілі бір ғылым саласы бойынша терминдердің жинақталған сөздігі. Әрбір терминге нақты түсініктеме, мысалдар, нақты идеялар мен аргументтер келтіріледі. Қазақ тілі пәнінде глоссарий - белгілі бір шығармада кездесетін, сирек қолданылатын сөздердің түсіндірме сөздігі. Глоссарийлер ең алдымен оқылым дағдылары орын алатын пәндерде тиімді қолданылады. Бұл технологияның басты ерекшелігі – пәндік терминдерді тиімді түрде қолдана отырып, оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуына қол жеткізе алу. Әр тақырып бойынша талқыланған жаңа сөздер мен сөз тіркестерінен глоссарий жасауды жолға қою оқушылардың тақырып бойынша сөздерді жаттаудың маңызды екенін түсінуіне, тақырып бойынша қажетті сөздердің бір жерде жинақталуына, қажетті уақытта пайдалану мүмкіндігінің жоғарылығына әкелді. Глоссарий оқушылардың сабақта қолданылып жүрген дәптерлерінің артынан бастап жазылады. Бұл үшін дәптерді кері бағытта пайдаланады. Бұл сөздік дәптерін бөлек ұстамай, бір жерде болуына да ыңғайлы. Оқушылар глоссарийді сабақ сайын қарап, үнемі қараған сайын саналарында сөздер бекітіледі. Осылайша оқушылардың тақырып бойынша академиялық сөздерді көп жаттауына мүмкіндік туды. Бүгінгі таңда 11Т2-сынып оқушыларының глоссарийі сөздер мен сөз тіркестерімен толықты. Бұл 3 тақырып көлеміндегі сөздер. 11Т2-сыныбына қазақ тілі мен әдебиеті сабағы аптасына 2 сағат өтеді. Әр тоқсан бойынша 2 тарау өтсек, әр тарау 8 сағат көлемінде өтеді.

Глоссариймен жұмыс жөнінде Лиз Дейл мен Таннер еңбегінде тақырыпқа қатысты 10 сөзді пайдалана отырып, әңгіме құрау, берілген сөздерден тіркестер құру, оқылым барысында түсінбеген сөзді тақтада арнайы көрсетілген орынға оқушының жазып, мұғалімнің сол сөзді жалпы сыныппен талқылауы секілді тапсырмаларды ұсынған.

Тізімделген жұмыстардың ішінде әңгіме, мәтін құрау жиі қолданылатын және тиімді әдістердің бірі. Мысалы, «Арал тағдыры» тақырыбы бойынша өткізілген сабақта оқушылар глоссарийге тіркеген сөздер мен сөз тіркестерін Аралдың бұрынғы және бүгінгі келбетін, жағдайын сипаттауға арналған тапсырмада жақсы қолданды:

А оқушы: Арал аймағы *миялы жерден сортаңға* айналды. *Су құрдымға кетті* және андардың *қарасы кеміді*. Судың орнын *тұзды құм* басып кетті. Ал жел басталса, *тұз бен шаң араласқан құм* ауаға көтеріледі және адамдар осы құммен тыныс алады. Сол себептен, адамдарда *тыныс жолдары аурулары* таралады.

Ә оқушы: Су тартылуынан Арал теңізі *шөл далаға* айналды. Қазір су орнында *сортаң, шаң мен улы тұзды дала, сор топырақ* құммен араласты да көршілес тұрған адамдардың денсаулығына әсер етуде. Адамдардың көпшілігі Арал теңізінің суын үнемдемеді. Осы көзқарас нәтижесінде Арал теңізі *құрдымға кетуге* айналды.

Жоғарыда мысалға келтірілген жұмыстардан оқушылардың тақырыпқа қатысты академиялық тілді қолдануы нәтижесінде жұмыстарының сапалы жазыла бастағанын байқауға болады.

Қазіргі әлемдегі Қазақстан пәні 11 сынып оқушыларына аптасына 2 сағат өткізіледі. Оқу жоспары бойынша оқу жылының 2 тоқсанында 11.3.1 «Қазақстан Республикасының қоғамы» бөлімінен 3 тақырып негізге алынды: Әлеуметтік институттар, Әлеуметтік шиеленістер, Әлеуметтік жобалар. Тақырып аясында оқушыларға Қазіргі Қазақстан қоғамында орын алып отырған басты өзгерістер, ағымдар, құрылымдар мен қатынастарға қатысты жаңа кілт сөздер, пәндік терминдер ұсынылды. Пән бойынша глоссарий жасау жұмысы оқу жылының басынан қолға алынған болатын. Алайда, сол жаңа сөздерді бекіту, қайталау, еске түсіру, қолдану барысында оқушылармен тиімді жұмыс жасаудың қажеттілігі орын алды. Сондықтан глоссарийде ұсынылған жаңа сөздермен жұмыс жасауда қазақ тілі пәніндегі тиімді тәсілдер қолданылды. Мысалы: «Шаттық шеңбері» - оқушылармен сабақтың бастапқы бөлігінде шеңберге тұрып, жаңа сөздерді ауызша еске түсіру, «Сәйкестендіру» - кілт сөздерді мағынасымен сәйкестендіру тәсілі пән мазмұнын бекітуге қолайлы. Сонымен іс-әрекеттегі зерттеу жұмысына дейін өз пәнімізде оқушыларға жаңа сөздерді глоссарийге жаздырумен ғана шектелген болатынбыз. Ал «Шаттық шеңбері», «Сәйкестендіру» тәсілдері арқылы жаңа сөздерді тиімді пайдалану жолдарын анықтауға қол жеткіздік.

**б) «Кім? Не? Қашан? Қалай? Қайда?Неге?» стратегиясы**

«Экологиялық мәдениет» бөлімі бойынша «Қасқырды атқан қайсысы?» очеркімен аттас сабақ оздырылды. Оқушылар очеркпен танысып болғаннан соң, оқылымнан кейінгі тапсырма ретінде «Кім? Не? Қашан? Қалай? Қайда?» стратегиясы бойынша тапсырма берілді. Оқушылар бұдан бұрын мәтіннен әр сұраққа жеке жауап табатын. Бұл жолы сұрақтарға бір-бірімен байланысты жауап берді. Мысалы:

Кім/Не: аңшылар

Қашан: тамыз айының соңында

Қайда: қорыққа

Қалай: жаяу

Неге: демалысты бірге өткізу үшін барды.

Оқушылардың мәтін негізінде ойын жинақтау үшін аталмыш стратегия таптырмас құрал болды. Осы стратегияның нәтижесінде сұраққа дұрыс жауап беру, ойын бір-бірімен байланыстыру, сөйлем құрылымын сақтау сынды дағдыларын да қалыптастырды.

Қазақстан тарихы пәні бойынша «Кім? Не? Қашан? Қалай? Қайда?» стратегиясы пән бойынша басты мәселені талдауда қолданылатын тиімді әдістердің бірі. Қазақстан тарихы пәнінде «5 саусақ» немесе «Кім? Не? Қашан? Қалай? Қайда?» сұрақтар әдісі арқылы оқушылар берілген нақты сұрақтар арқылы мәселенің шешімін табуға тырысады. Алдымен тақырып бойынша мәтін дайындаймыз. Мәтін мазмұнына сәйкес осы әдіске негізделген сұрақтар құрастырылады. Сұрақтарды 5 саусақ суретіне орналастырамыз. Осы тұста бұл стратегияның қазақ тілі пәнінде қолданылуынан сәл ерекшелігі байқалады.

Дегенмен қандай бағытта қолданылса да тілді игертуге жәрдемдесетіні және оқушылардың сенімді қолданатыны байқалды. Мысалы «Әлеуметтік институттар» тақырыбындағы тапсырма үлгісі:

Кім?/Не? Отбасылық институтқа кімдерді жатқызамыз?

Қашан? Саяси институттар қашан құрылды?

Қалай? Экономикалық институттар қалай құрылды?

Қайда? Рухани институттар қай жерде орын алады?

Оқушылар мәтінді осы сұрақтар төңірегінде мазмұнына талдады, өзіндік ойларын қосты. Сонымен бірге әрбір саяси, әлеуметтік үдерістердің орын алуы, қалай, қайда құрылғандығын нақты ажырата алды. Оқушыларды сыни ойлау дағдыларының тереңдей түскендігін анықтадық. Тілдік кедергілердің орын алуына байланысты бастапқы уақытта сұраққа жауап беру барысында scaffolding әдісі негізінде қолдаушы, көмекші сөздер бірге ұсынылды. Мысалы:

Кім?/Не? Отбасылық институтқа ..... жатады. Оның әрбіреуінің орны .....

Қашан? Саяси институттар ..... құрылды. Бұл кезеңде .....

Қалай? Экономикалық институттар ..... жағдайда құрылды, себебі .....

Қайда? Рухани институттар ..... жерде орын алады. Сондықтан .....

#### г) Органайзерлермен жұмыс

Графикалық органайзерлер – оқушылардың ақпаратты тиімді түрде талдау, есте сақтау және қолдану үшін қағаз бетіне (немесе компьютерге) тиімді түрде түсірудің әдіс-тәсілдері. Оған қоса ақпаратты визуалды түрде көрнекі құралдар арқылы мазмұнын талдауға бағытталған әдістер. Визуалды органайзерлердің бірнеше түрлері орын алады:

1. Циклдық диаграммалар – хронологиялық тізбекте басты оқиғаларды сипаттау. Оқиғалардың уақыт тізбегі бойынша бірізділігі сақталады.

2. Венн диаграммасы – оқиғалардың ұқсастығы мен айырмашылығын талдауға бағытталған кесте. Екі немесе бірнеше оқиғалар арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтар талданады.

3. Иерархиялық органайзерлер (hierarchical organizers) – түсінікті, объектіні, маңызды оқиғаларды маңыздылық деңгейі бойынша орналастыру. Үшбұрышты (пирамидалы) диаграммалар – диаграммада тігінен иерархиядағы статустың деңгейі көрсетілсе, ал көлденең бөлігінде осы статусқа жататын басты элементтер көрсетіледі. Ағаш бұтақтары – басты идеядан бірнеше құрылымдар мен классификациялардың орын алуы.

4. Концептуалды органайзерлер (conceptual organizers) - бір немесе бірнеше концептінің мазмұнын тиісті факті, аргументтер арқылы анықтау.

5. Менталды карта – (интеллект карта) – картаның орталығында басты идея орналасып, басты идеяны ағаш бұтақтары негізінде бірнеше категория арқылы талдау кестесі.

Іс-әрекеттегі зерттеу барысында қазақ тілі пәнінде көп жағдайда «Менталдық карта» және «Венн диаграммасы» жиі қолданылды. Мысалы, 11«С,Д»-сыныптарында өткен «Экологиялық мәдениет» бөлімі бойынша өткізілген сабақта сабақтың басында Арал теңізінің құм басқан, сусыз шөлге айналған, кемелері қайраңда қалған суреті берілді. Оқушыларға осы суретке қарай отырып, ойларына келген сөздер мен сөз тіркестерін жазу тапсырылды. Оқушылар жұмысты жұпта орындады. Жалпы сыныптағы оқушылардың жұмысын тексеру барысында ең көп дегені 5 сөз не сөз тіркесін жазудан аспады. Ең көп қолданылған сөздер мен сөз тіркестері: шөл дала, климаттық өзгеріс, зиянды қалдықтар, су жоқ, т.б. Оқушылардың тақырыптық суретке қатысты ассоциация жазуына Арал туралы сөздік қордың аздығымен қоса, бұл туралы білімдерінің тайыз екендігі де себеп болды. Оқушылар кейін осы суретті шетке ысырып, Арал туралы мақаламен, мәтінмен танысқаннан кейін, түрлі талқылаулар мен тапсырмаларды орындағаннан соң, бастапқы суретке қайта оралды. Суретті алған білімдерімен, сөз тіркестерімен толықтырды. Сурет бастапқыдан гөрі өзгеше ақпаратқа толы «мазмұнды суретке» айналды. Сөздер мен сөз тіркестерінің қатарына адам ағзасы, тұздылық, 1960 жыл, экожүйенің өлуі, өмір сүру үшін ауыр жағдай, денсаулықтың төмендеуі сынды сөздер мен сөз тіркестері қосылды. Осы

көріністен-ақ, 80 минуттан тұратын сабақтың өзінде оқушылар тақырып бойынша сөздік қорларын кеңейтетінін аңғардық. Оның үстіне органиайзерлер оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Қазіргі әлемдегі Қазақстан пәнінде оқушылар әлеуметтік зерттеудің әдістерін, кезеңдерін меңгереді. Шағын зерттеулер шеңберінде сұхбат жүргізіледі және басқа көзқарастардың теңдігін дәлелдеп көрсететін жағдай ұсынады (айтылым, жазылым, тыңдалым). Қазақстанның түрлі әлеуметтік проблемаларын қарастырады. Проблемаларды шешу стратегиялары ашылады. Осыған орай әрбір тақырыптағы маңызды ақпараттарды тиімді, нақты, жүйелі түрде ұсынып, талдау үшін графикалық-органиайзерлердің *циклдық, иерархиялық және концептуалды* түрлері кең қолданылады. Оқушылардың қызығушылығын арттырып, тақырыпты визуалды әрі тиімді түрде меңгеру үшін график-органиайзердің талдау кестелері орын алады. Мысалы:

1. «Әлеуметтік институттар» тақырыбында әлеуметтік институттардың рөлін бағалау үшін **SWOT** талдау кестесін қолданылады:

S күшті/мықты жақтары	
W әлсіз жақтары	
O мүмкіндіктер	
T қауіп-қатерлер	

SO – Күшті жақтары арқылы мүмкіндіктерді пайдалану туралы шешімдер

ST – Күшті жақтардың көмегімен қауіп қатерлерді жою жөніндегі шешімдер

WO – Мүмкіндіктердің көмегімен әлсіздіктерді жою жөніндегі шешімдер

WT – Әлсіздіктер мен қауіп қатерлердің тоғысуын болдырмау жөніндегі шешімдер және екеуі орын алған жағдайда салдарымен күресі жөніндегі шешімдер.

2. «Әлеуметтік шиеленістер» тақырыбында қоғамдағы әлеуметтік шиеленістерге әсер ететін факторларды анықтай отырып, оның шешу жолдарын PEST талдау кестесі арқылы ұсынады.

Фактор	Оңтайлы әсері	Кері әсері	Шешім
P саяси			
E экономикалық			
S әлеуметтік			
T технологиялық			

Талдау барысында оқушылар +/- жағы, жалпы болашақ іс-әрекеттің өміршеңдігін, тәуекелдерін көрсетеді, қорытынды шығарады.

3. «Әлеуметтік жобалар» тақырыбында оқушылар Қазақстан мемлекетінің әлеуметтік жобаларының болашақта жүзеге асу жолдарын, нәтижелерін ФОРСАЙТ әдісі арқылы болашаққа болжау жасайды.

#### Форсайт немесе көзделген болашақ

Біздің болашаққа болжау жасау (болжау қанағаттандыра ма әлде қанағаттандырмай ма?)	
Қандай болашақ бізді толықтай қанағаттандырады?	
Көзделген болашаққа қол жеткізу үшін бізде не бар не жоқ?	
Барды қалайша ұтымды пайдалануымыз керек?	
Жоқты қалай бар қыламыз?	
Көзделген болашаққа қол жеткізу үшін біз не істеуіміз керек?	
Көзделген болашаққа жету үшін шаралардың реттілігі қандай болмақ?	

#### Қорытынды

Бір сыныптағы екі пәнге тән ортақ мәселені бірлесіп зерттеу барысында екінші тілде оқитын 11-сынып оқушыларына академиялық тілді үйрету кезінде келесі әдіс-тәсілдердің тиімді болғаны анықталды:

1. Синонимдермен жұмыс
2. Глоссарий жасау
3. «Кім? Не? Қашан? Қалай? Қайда?» стратегиясы
4. Сөздер мен сөз тіркестерін өрбіту, кеңейтіп қолдану
5. Органайзерлермен жұмыс

Бұл әдіс-тәсілдерді тек мәтін негізінде ғана жүргізу оқушының жадында сөздің көп сақталуына көмектесетініне көз жеткіздік. Іс-әрекеттегі зерттеудің нәтижесінде әріптестерімізбен өзіміздің апробациядан өткен тәсілдерімізді бөлісіп, бұл әдістердің тиімділігін бірге сынауға мүмкіндік туғыздық. Сыныпта әр сабақ сайын глоссарий жасау, синонимдермен жұмыс міндетті дағдыға айналды. Қалған 3 әдіс мәтінге, сабақ мақсатына қарай кезекпен қолданылып отырады. Болашақта академиялық тілді игерудің өзге де әдістерімен жоғарыда зерттелген әдіс-тәсілдердің қатарын кеңейтеміз деген пікірдеміз. Пән және тіл мұғалімі болып бірге жұмыс жасаудың артықшылығы сол, ортақ сыныптың деңгейіне сай тиімді стратегиялар мен әдіс-тәсілдерді анықтадық, тақырыпқа сай оқытылатын академиялық сөздердің қатарын анықтадық және тиімді деп тапқан әдіс-тәсілдеріміздің қаншалықты жұмыс жасайтынын анықтауға мүмкіндік туды. Ал мәтінмен жұмыс жоғары сынып үшін үнемі жүргізілуге тиіс қалып болып қалады. Бастауыш не төменгі сыныпта сөздерді жеке-дара оқытуға болады, ал жоғары сынып оқушылары үшін сөздерді сәйкес мәнмәтінде (контексте) оқып үйрену тиімдірек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Арал тағдыры – адамзат тағдыры», «Егемен Қазақстан» газеті, 24.08.2018ж.
2. «Қасқырды атқан қайсысы?», Ғ. Мүсірепов, <http://bilim-all.kz/article/1699-Qasqyrdy-atqan-qaisysy>
3. CLIL Activities, Liz Dale and Rosie Tanner, Cambridge University Press, 2012, 120-бет.
4. CLIL skills, Liz Dale, Wibo van der Es, Rosie Tanner, 80-бет.
5. НЗМ-нің «Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту» тәсілін қолдану жөніндегі мұғалімдерге арналған басшылық